

Жекелеген ғимараттарды республикалық меншіктен коммуналдық меншікке және коммуналдық меншіктен республикалық меншікке беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 20 тамыз N 930

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 мекен-жайында орналасқан ғимаратты Қызылорда облысының коммуналдық меншігінен Қызылорда облысының облыстық, қалалық, ауданаралық экономикалық соттарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы соттар әкімшісін және Қызылорда облысы бойынша Құқықтық статистика және ақпарат орталығын орналастыру үшін республикалық меншікке беру туралы Қызылорда облысы әкімінің ұсынысына келісім берілсін.

2. Қызылорда қаласы, Алтын Орда көшесі, 43; Скатков көшесі, 96; Абай даңғылы 25А; Нұрмақов көшесі 2, мекен-жайында орналасқан ғимараттар республикалық меншіктен Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі

жөніндегі комитеті (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Қызылорда облысының әкімиятымен бірлесіп, заңнамада көзделген тәртіппен, осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген ғимараттарды қабылдап алу-тапсыру жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асырсын.

4. Осы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК